

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. - Орал: «Ағартушы», 2008. - 148 б.
- 2 <https://kk.wikipedia.org/>
- 3 Есенова Қ., Сүйерқұл Б. Прагмалингвистикалық ұғымдық аппаратындағы негізгі бірліктер // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020.-№ 1 (71).-49-53 бб.

References:

1. Ahmetova M.K. Mätin lingvistikasy: Oku-ädistemelik küral. - Oral: «Ağartuşy», 2008. - 148 b.
2. <https://kk.wikipedia.org/>
3. Esenova Q., Süierqül B. Pragmalingvistikalıyq üğymdıq aparatyndağy negızgı birlıkter // Abai at. QazÜPU-nıñ Habarşysy. «Filologia ғылымдары» seriesy. – Almaty, 2020.-№ 1 (71).-49-53 bb.

MPNТИ 811.512.122:39

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.14>

Орынбаева Д. ¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Аңдатпа

Тілді адамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениеттен, тарихтан тыс қарапайым таңбалық жүйе деп қарастыру ол туралы түсінікке кереғар әсер етеді және оны зерттеудің мүмкіндіктерін шектейді. Демек, тіл, көнеден айтылып келе жатқандай, таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет, сондықтан да ол – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі. “Мәдениет” жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым. Мақалада мәдениет пен тілдің, мәдениет пен символдың арақатынасы туралы сөз болады. Мәдениеттің екі қыры, яғни материалдық және рухани мәдениет болатыны белгілі. Осыған орай, қазақ халқының материалдық мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын ұлттық киім (бас киім) үлгілерінің символдық мәні айқындалды. Символдың ұлт мәдениетін бойына сақтаған ұлттық код ретіндегі сипаты ашылды.

Түйін сөздер: тіл, мәдениет, материалдық мәдениет, символ, ұлттық киім, ұлттық таным

Orynbayeva D. ¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

SYMBOLIC SIGNIFICANCE OF MATERIAL CULTURE

Abstract

Consideration of language as a simple symbolic system outside of culture and history, which includes human social life, contradicts the notion of it and limits the possibilities of its study. Therefore, language, as it has been said since ancient times, is not just a system of symbols, it is a culture that supports this system, so it is a great heritage of every nation, a historical achievement of the nation. “Culture” is a very complex concept, which begins with the characteristics of the individual and includes the entire national mentality, national consciousness, worldview, traditions, spiritual and material wealth, formed over the centuries. The article deals with the relationship between culture and language, culture and symbol. It is known that there are two aspects of culture, material and spiritual. In this regard, the symbolic meaning of national costumes (hats), which are part of the material culture of the Kazakh people, was determined. The character of the symbol as a national code that preserves the culture of the nation was revealed.

Keywords: language, culture, material culture, symbol, national dress, national identity

Орынбаева Д. ¹

¹ *Казахский Национальный педагогический университет им.Абая,
Алматы, Казахстан*

СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ

Аннотация

Рассмотрение языка как простой символической системы вне культуры и истории, которая включает в себя общественную жизнь человека, противоречит его понятию и ограничивает возможности его изучения. Поэтому язык, как говорили с древних времен, это не только система символов, но и культура, поддерживающая эту систему, и следовательно, это великое наследие каждой нации, историческое достижение нации. “Культура” - это очень сложное понятие, которое начинается с характеристик личности и включает в себя весь национальный менталитет, национальное сознание, мировоззрение, традиции, духовное и материальное богатство, сформировавшееся на протяжении веков. В статье рассматриваются взаимоотношения культуры и языка, культуры и символа. Известно, что есть два аспекта культуры: материальный и духовный. В связи с этим было определено символическое значение национального костюма (шляпы), являющегося частью материальной культуры казахского народа. Раскрыт характер символа как национального кодекса, который сохраняет культуру нации.

Ключевые слова: язык, культура, материальная культура, символ, национальная одежда, национальная идентичность

Кіріспе. Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзеттік бағыт белгілі бір ұлттың ұлттық ерекшеліктерін, ұлттық болмысын, ғасырдан-ғасырға қалыптасқан ұлттық мәдениетін тіл арқылы зерттеуге ерекше мән береді. Себебі “Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазысқан жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады”[1, 24]. Қандай да бір ұлтты өзге ұлттан ерекшелетін факторлар: оның тілі мен мәдениеті.

“Мәдениет” деп жеке адамның тіршілік әрекетіндегі табыстарының өркендеуін, яғни алға басуын айтамыз”, - дей отырып, С. Мұқанов мәдениетті екіге бөліп қарастырады: “Мәдениет екі саладан өрбиді: материалдық және рухани. Материалдық мәдениетті Абайдың тілінде – “тән азығы” деп, рухани мәдениетті – “жан азығы” деп те атайды. Олай атау дұрыс та, өйткені материалдық мәдениет жеке немесе қоғамдық тіршіліктің қажетіне керек”[2, 37]. Демек, кез келген мәдениет адам еңбегінің нәтижесінде қалыптасады. “Еңбек етсең, емерсің”, “Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей”, “Еңбектің наны тәтті” деген халық даналықтары да осы ойды нақтылайды. Сонымен қатар, зерттеуші, ғалым М.С.Атабаеваның: “Мәдениет – адам әрекетінің жиынтығы, оның қорытындысы, еңбек пен тәжірибе арқылы жинақталған рухани әлем, өнер арқылы танылған қабілетінің тілдегі заттанған бейнесі. Ол халықтың мінез-құлық, дүниетанымының айнасы ретінде сөз мағынасынан көрінеді” [3, 74], - деген пікірі де осы тұжырымды растайды.

Әдістеме. Жоғарыда атап өткендей, мәдениет екіге бөлінеді: материалдық және рухани. Материалдық мәдениет – адамның заттық пішінге түскен руханилығы. Яғни, адамның өмір сүруіне қажетті және бір ұлтты екінші ұлттан ерекшелетін тұратын тұтынатын заттары: киген киімі, ішкен тағамы, салған ғимараттары, ескерткіштері, тіпті ыдыс-табағына дейін. Мысалы, сақ дәуірінің мұрасы болып табылатын “алтын адам” киімі арқылы сақтардың алтынға бай болғанын көреміз. Сол сияқты қазақ тіліндегі жабағы, түйе жүн шекпен, түйенің шуда жүні, боздақ бөстек, киіз етік, түбіт шәлі, қыл арқан, текемет, мамық жастық т.б. тіркестерден қазақтың мал шаруашылығымен айналысқанын және материалдық мәдениеті де мал өнімдеріне бай екендігін көруге болады.

Әр мәдениетте дүние, қоршаған ортаға деген сан қилы көзқарас, түсінік қалыптасады. Себебі, әр мәдениет заманына, діліне, моральдік нормаларына қарай адамға, өмір-өлімге, адамның іс-әрекетіне, сұлулыққа тағы да басқа әр халықтың басында бар негізгі құндылықтарға байланысты өзінің көзқарас жүйесін қалыптастырады. Міне, осы көзқарастың көрінетін, таралатын, сақталатын құралы – тіл. Мұны А.Байтұрсынұлы: “тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі”[1, 22], - деп жазды.

Әлемдіклингвистикалық ой-тұжырымдарда этнос тілінің ұлттық мәдениетпен тығыз байланыстылығы, ұлт мәдениетінің сол этностың тілінде сақталып, дамып, болашақ ұрпаққа жеткізілетіндігі туралы идея атақты ғалым В.фон Гумбольдтың: “Тіл – халық рухы, халық рухы тіл арқылы көрініс табады” деген белгілі концепциясынан бастау алады. Ғалым пікірінше мәдениеттің екі түрі – материалдық және рухани мәдениеттер ізі халық тілінде сақаталады: мәдениет – ұлт нышанын танытып, тілде өз жүйесін табады; тіл – адам мен табиғатты жалғастырушы күш; мәдениет пен халықтық рух – тілдің ішкі формасына тән [4, 30].

Мәдениет танымның жемісі болғандықтан тіл оны бірліктер арқылы жарыққа шығарып таңбалайды. Тіл – таңба.

Рухани мәдениеттің тілдегі көрінісін ашуда символдардың рөлі үлкен және өте маңызды, себебі ол адамның іс-әрекетінің бағдарламасы және моделі тәріздес. Этномәдени нормаларға сай келетін символдар күллі этносқа тән жалпы мінез-құлық, тәртіп пен әрекетті анықтайды.

Белгілі бір этномәдени ортадағы өмір сүру жағдайы, эстетикалық норма, тұрмыстық дағдылар, пайымдаулар, этникалық көзқарас, жергілікті культ пен дәстүрлік тәжірибе – ғасырлар бойы қалыптасқан бай “мәдениет тілі”. Мәдениет тілі – этномәдени әрекеттердің объективті және субъективті факторлары және ұлттық сана-сезімді айқындайтын генезис деп анықталады. Мәдениет тілін құрайтын таңба – символдар жиынтығы. “Мәдениет тілінің” мұндай дәстүрлі өзіндік құрылым элементтеріне кеңістікті бағдарлау, тұрғылықты жерді жоспарлау, тұрғын үй және оның ішкі жабдықтары, тағамның кейбір түрлері және оны жіктеу, киім т.б. жатады.

Нәтижелер. Мұндай ерекше мазмұнды, көлемді мәтіндерді қысқа да нұсқа түрде сақтап жеткізе білу қасиеті символда сақталған. Яғни символға біздің көзқарасымыз мәдениет шегінде қаралады. Бұл көзқарас бойынша символ кез келген мәдениетке тән құбылысқа жатады. Символ әртүрлі мәдениет контексінде кодтала отырып, оларда әртүрлі мәнге ие болады. Біздің түсінігімізде символ өз мазмұнымен (мәдени хабарды беретін) сәйкес келеді. Мәдениет – бір жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар. Ю. М. Лотман символдың мәдениеттегі қызметін көрсете келе, “символ – мәдениет ескерткіші” деген баға береді.

Кез келген символды талдап, түсіну барысында біз тек символдың өзімен кездеспейміз, оны жасаған бір ғана тұлға емес, тұтас халықтың дүниетанымынан хабардар боламыз. Бұл туралы Э.Спирова: “Образ всегда имеет автора. Базовые символы носят анонимный характер, они являются продуктами коллективного бессознательного. В этом смысле можно говорить о символах как кристаллизации опыта всех поколений, прошедших по земле. Такой глубиной образ, как правило, не обладает. У него есть создатель” [5, 214], -деп символдың халықтың ой елегінен өтіп барып жасалатынын, авторы болмайтынын көрсетеді. Мұның өзі символ арқылы сол халықтың мәдени бейнесімен танысуға алып келеді. Мысалы, қазақ халқының негізгі шаруашылығы – мал шаруашылығы екенін оның киген киімінен, қару-жарак, ыдыс-аяқ т.б. материалдық мәдениетінің кішкене бөліктерінен-ақ және тіршілік ету қағидаттарынан, тұрмыс-салт жырларынан, тәлім-тәрбиесінен айқындалады.

Мәдени символдар – бұлар “мәңгілік ақиқатты” көрсету үшін қолданылған және осы уақытқа дейін қолданылатын символдар (әрине, барлығы дерлік емес). Бұл символдар көп өзгерістерді бастан кешірді. Осының негізінде ұжымдық санадағы образдарға айналады. Сондықтан архетиптік сипаттағы мұндай мәдени символдар өздерінде құпиялықты, құдіреттілікті сақтаған [6, 276]. Басқаша айтқанда, архаикалық және дәстүрлі заттың мәдени мәнділігі мен құндылығы қазіргіден қарағанда жоғары болған. Барлық уақытта заттарға қойылатын әмбебап практикалық талаптардан басқа, олар сонымен бірге ұлттық дәстүрлі қажеттіліктерді қамтамасыз етуі қажет етіледі. Бұл жағдайда кез келген дәстүрлі тұрмыстағы материалды нысана өзінің негізгі қызметімен қатар, ерекше этностық ерекшеліктер мен сипаттардың тұтастығын құрады. Мәселен, қазақтың киіз үйі бір ыңғайда зат және белгі болып табылады. Киіз үй қазақ халқының көшпелі тұрмысын айғақтайтын бір белгі. Сол арқылы ұлттың өмір сүру салтынан хабар алуға болады. Бұл тұста киіз үй материалдық мәдениет бөлшегі ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың салт-дәстүрімен, рухани өмірімен тығыз байланысты құбылыс ретінде қарастырылады. Сол сияқты қазақ халқының терең тамырлы ақыл-ойының, өмірлік тәжірибесінің, ұлттық тәрбиесінің, наным-сенімінің көрінісін байқататын киімге байланысты атаулардың символдық мәніне назар аударайық.

Талқылау. “Халықтың өмірінен тіл арқылы көрініс беретін тағы бір материалды тобы – ол киім атаулары. Ата-бабаларымыздың ұлттық ерекшелігін танытатын, мәдениетінің өркендеу дәрежесін көрсететін киім-кешек атаулары тілімізде өте көп. Және олар өз ішінен қолданыс

түрлеріне, жынысқа, әлеуметтік ортаға және жасқа деген сияқты бірнешеге жіктеледі» [7, 102], - деп С.Аманжолов киім атауларының ұлттың болмысын танытудағы рөліне баға береді.

Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі ел қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасты. Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Мындаған жылдар бойы қалыптасқан ұлттық киімдер қазақ этносы көшпенді өмір салтын XIX ғасырға дейін сақтап келген халықтардың бірі болғандықтан, көшпенді өмір салтына ыңғайлы функционалды және эстетикалық құндылықтарын өз бойына сақтап қалды. Қазақ халқының эстетикалық талғамы мен дүние болмысты қабылдауы ерекше көрінетін киім түрлерінің бірі – бас киім.

Бас киім - жоғарғы сақралды әлемдегі рухтар мен ата-бабалар аруағы шекараласатын бөлік деп саналған. Сондықтан да бас киім үйдің құты мен берекесі, басқа қонған бақтың (тұрағы) деп есептеледі. Ислам дінінің келуімен Тәңірге, тағдырға жазмышқа сенетін қазақтың түсінігінде адамның осы дүниеге келген сәттен бастап, арғы дүниеге кеткенге дейінгі тағдыры маңдайына жазылады. Бұл – бас киімді ерекше қадірлеуінің бір себебі. Себебі бас киімді ауыстырып кесе немесе оны жерге тастаса, адамның тағдыры өзгеріп, ауысып кетуі мүмкін деген ұғым қалыптасқан.

Бас киім – үйдің құты мен берекесі, басқа қонған бақтың “тұрағы”. XIX-XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ұлттық киімдерін зерттеген И.В.Захарова мен Р.Р.Ходжаева қазақ халқының адамдарының бас киімдерін төмендегідей түрлерге бөледі:

1. Дөңгелек, жеңіл, сырып, кестелеп матадан тіккен және қалпақ, тымақ астынан киетін кішігірім бас киім – тақия;
2. Мақтадан тігілген кішкентай, етегі терімен көмкерілген бас киім – төбетей;
3. Киізден тігілген бас киім – қалпақ;
4. Қалың матадан тігілген басшылық - “Күләпара”;
5. Тері қапталған жылы бас киім – бөрік;
6. Ат терісінен жасалып суықта киілетін бас киім – тымақ [7, 56].

Аталған бас киімдердің ішінде символдық мәнге ие болып, ерекше қадірленген түрлері – тымақ пен бөрік.

Тымақ – қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, аяқ тигізбейді. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Ел арасында: “Шала туып, тымаққа салып өсірген екен”, - деген сөздер жиі естіледі. Қазақта әдетте шала туған сәбиді осылай өсіретін ғұрып бар. Оның себебі шала туған сәби ұстауға, бесікке салуға келмейді, тымақ жылы, әрі бөлеуге, ұстауға ыңғайлы болады. Қазақтар баланы көп жасаған, даңсалы қария, киелі адамдардың тымағына салады. Тымақтан кейін басқа кимей сақтап қояды. Қазақ балаға тәрбиені тереңнен ұғындырған. Тымаққа жатқан сәбиге жыраулардың өнегелі сөздерін сіндірген. Шала туған сәбидің неше күні кем болса, сонша күн керегенің әр басына ілініп қойылатындықтан, күн кереге басы арқылы есептеледі. Мысалы: қырық күн кем болса, керегенің қырқыншы басына бала тымақтан алынып, әдетте жаңа туған баланың рәсімі жасала бастайды. Егер бала қыста туса, онда үй қабырғасына шеге қағылып ілінеді. Бұл да тымақтың қадыры мен қасиетін бейнелейтін көріністердің бірі деп түсіну керек. Бұл үрдіс бүгінде “тымаққа салу” салты ретінде нормаға айналған.

Сонымен қатар, тымақ – сыйластықтың символы. Қазақта біреуге бас ұрғанда аяғына тымағын тастайтын әдет бар. “Тымақ ұру” немесе “Тымақ тастап кешірім сұрау” бітімге шақырудың ең үлкен көрінісі немесе айыпкер жағының беделді адамдары мен жасы үлкен, жөн білетін ақсақалдарының құныкердің ауылындағылардың алдына барып “Білместік, оқыс кездейсоқтық іс болды, кешірі!” деп өтінген кезде ортаға ең үлкен ақсақалы баскиімін тастап сөзге, мәмілеге шақырады. Қызды алып қашу үрдісінде қыз жағының “аяғына жығыла” барған кездейсоқ құдалар да бас киімін жерге, алдына тастайтындығы тағы бар.

Бөрік – ұлттық бас киім ішіндегі ең әдемісі саналған. Бөрікті қазақ жылдың қоңыр салқын, аумалы-төкпелі кезеңдері – көктем мен күзде киген. Өйткені ол киіп жүруге әрі жылы, әрі жеңіл. Бөрік үшін міндетті түрде қымбат тері қажет. Қазақта бөріктің атауларын қандай аң терісінен тігілгеніне қарай атау дәстүрі бар. “Сусар бөрік”, “Құндыз бөрік”, “Кәмшат бөрік” деген атаулар содан қалған.

Бөрік – көне сөз, “бөрі” – қасқыр деген сөзден шыққан. Қасқыр – түркі тайпаларының ежелгі тотемі. “Сені бөрікнен, даусыңнан таныдық” - деген сөйлемдегі “бөрік” сөзі – қазақтың ұлттық бас киімі. Бөріктің қазақ халқы үшін қасиетті зат болып саналуының себебін Ә.Б. Алмаұытова “Қазақ

тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты” атты еңбегінде былай түсіндіреді. “Бөріктің қазақ халқы үшін этникалық құндылығы мынада: сыпайылық көреткенде, не біреудің аяғына жығылып, кешірім өтінгенде, бөрікті шешіп, оның аяғының астына тастап, кешірімін алған. Міне, осыдан бөріктің қазақ халқы үшін қастерлі бас киім екенін көруге болады”[9,52], - деп бөріктің ұлттық психологиясын анықтайды. Сонымен қатар, Ә.Б. Алмауытова бөріктің қазақ үшін символдық құрал болғанын айтады: “Қазақ халқы бөрікті символ ретінде бағалаған. Осыған байланысты “Бөрікті теріс киме” деген тиым сөз бар. Оның себебі бас киімді теріс қаратып киген жаман істің белгісі деп санаған. Сондай-ақ, “Бөрік аспанға ату” деген тіркес қатты қуану, шаттану дағдысынан туған”, - деп тұжырымдайды.

Қамқаның бөрік кидім қиығынан,
Біреуге, біреу күлер миығынан...
Басында түлкі бөрік түбіттелген,
Болар ма сенен артық жігіт деген...
Сермейсің жел сөз десе емін еркін.

Басыңа жарасымды кәмшат бөрік,- деген өлең жолдарынан бөрікті ерлер де, қыздар да кигені. Бірақ қыздардың бөрігі алқамен, үкі, көкқұтан немесе тауыстың қауырсынымен әшекейленген. Қазақтар осындай бас киімді “кәмшат бөрік” деп атайды. Үкі – әсемдіктің символы. “Үкілі кәмшат, бүрмелі көйлек, Тұрғандай өзі қимылсыз билеп” деп ақындардың тамсана жырлауына қарап, қыздарға тән бөріктің сәні мен әсемдігі ерекше болғанын аңғарамыз. Алайда қазақтың “Бөріктің намысы бір” деуінен оның көбіне еркектерге тән бас киім екендігін байқаймыз. Себебі бұл тіркес ер адамдарға қатысты айтылады. Сонымен қатар, “Бас жарылса бөрік ішінде” деген тіркес те ат үстінде елін, жерін қорғап, шайқасқа түсер азаматтарға қатысты айтылғаны белгілі. Бұл тұрғыда бөрік – қайсарлық пен азаматтықтың символына айналады.

Қазақ халқында әйел адамдарға арналған бас киімнің түрлері де өте көп: сәукеле, бөрік, қарқара, кимешек, жаулық, күндік, желек, шәлі (жібек, шілтер, оюлы түрі бар), бүркеніш, бергек, қасаба, тақия, шылауыш, жаулық т.б.

Орамал сөзінің бірнеше символдық мәні бар. Атап айтсақ:

Кестелі орамал – серттің символы. Әлі тұрмыс құрмаған жас қыздың ұнатқан жігітіне деген сезімін білдіру нышаны. Кестелі орамалды тарту ету арқылы ықыластарын білдірген.

Кестелі ақ жібек орамал,

Алыстан жолдаған сүйген жар.

“Жауынгер жарым, сен есіңе ал”, - деп жазған оюлап хаты бар.

Орамалды түр-түсіне қарай орнымен тарту сыры тағы бар. Мәселен, жас келінге сәукелесін шешкен соң ақ орамал тағу салты әлі де бар. Ақ орамал – қуанышты, жақсылықты аңғартады. Сонымен қатар, халық түсінігінде ақ орамал – аманатқа адалдық. Жас келіншектің, әйел затының басынан ақ орамалын тастамауы өзінің еріне деген адалдығын айқындап тұрған. Ал, қара орамал қайғы-қасіретті білдірген. Қайтыс болған адам үлкен жаста болса қара түстісін, жас жігіт болса, келіншегі қызыл түстісін басына тартатын көрінеді. Және оның екі ұшын қайтара байлап алады екен. Мұндайды “Орамалды кері тарту салты” деп атаған. Сонымен қатар, ежелгі “Жеті жарғы” заң ережелерінде “Сары жаулық” деп аталатын күн түрі болған. Кісі өлтірушінің туыстары күн төлеуге келісетіндерін білдіріп, өлген адамның үйіне жаулық жіберетін болған. Күйеуі өлген әйел өзінің қаралы екендігін таныту үшін бір жыл бойы сары жаулықты тағып жүретін болған.

Бертін келе үлкен кісілер қонаққа келген үй иесіне мата және оның қасына міндетті түрде орамал қосып алып келетін әдет пайза болды. Осыдан келе “Орамал тон болмайды, жол болады” деген орамал сөз қалыптасқан. Қарап отырсақ, бір ғана орамал ұғымында қаншама сыр, құпия жатыр. “Орамалды құрметтегендер мойнына салады, қадіріне жеткендер оны басына шығарады”, - деседі халқымыз. Бұл – орамалдың ерекше бір қасиеттің символы екенін айғақтаса керек. Қазақ қыздары басына орамал салмас бұрын ұзатылар кезде сәукеле киеді.

Сәукеле – қазақ әйелдерінің дәстүрлі киімдері аса бай, керемет сәнді бас киімдер ішіндегі ең әшекейлі, әрі күрделі, ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы ғұрыптық бас киім. Сәукеленің әр бөлшегі белгілі бір ұғымды білдіріп, қазақы тәрбиеден, халықтың ырым-тыйымынан хабар береді. Мысалы, сәукеленің екі самайдан түсіп тұратын інжу, маржаннан жасаған шашақталған бөлігі төгілме моншақ, салпыншақ шекелік немесе жақтама деп аталады. Ол барған жерінің ұрпағын көбейтсін, өсіп-өңсін деген игі тілекпен жасалған. Ал екі жақ самай тұсына бетке жеткізе шолпы тәріздендіріп бірнеше қатар маржан тізілген салпыншақтарды сәукеленің бетмоншағы деп атайды.

Қазақтың қыз баланың ибалылығын, әдептілігін, ұятын көрсету ниетімен айтатын “Бетмоншағы үзіліп тұр” фразеологизміндегі бетмоншақ сөзінің шығу төркіні де сәукелемен байланысып жатыр. Сәукеленің төбесіне жібектен желек салынып, оған үкі (қарқара) қадалады. Ту сыртынан жерге жететіндей ақ желең немесе ақ жібек жаулығы тағылады. Жаңа түскен келінге беташар айтылып, үлкендер тілек-батасын берген соң сәукелесінің сыртынан жабылған жамылғысы - бүркемесі (ақ бүркеншігі) қамшымен сабымен түріліп, беті салтанатты түрде ашылған соң ол алынып, оны желекпен алмастыратындығы белгілі. Ақ бүркеншек алғаш түскен келінді тіл мен көз сұғынан сақтайды, әрі ақ болуы – адалдық, тазалықтың белгісі, ибалықтың нышаны санайды. Демек, сәукеле – қыз баланың оң жақта ата-анасынан алған тәрбиесі мен ақ, адал келін болуының арасындағы көпір іспетті.

Кимешек – кие символы. Кимешектің киілуі – келіннің керден мінезден тыйылуы, ата-салттың алдында иілуі. Келін болып келгені емес, келін болып қалғаны. Әулетке ұрпақ қосқаны үшін салтанатпен санатқа ілініп, өзінің лайықты орнын иеленгендігі. Кимешек киген соң әйел адам өзі келін болып түскен үйдің абыройы мен болашағы үшін жауапты, яғни сол отбасының киесі өзі болмақ. “Кимешек – пайғамбардың ноқтасы” деген де сөз бар. Бұл жерде “ноқта” сөзі тура мағынасында емес, бейнелі мағынада: тыйым, тәртіп, белгілі бір өлшем деген түсінікті білдіреді. Кимешектің бір мәні әйел адамдардың шашын шаң-тозаңнан сақтап, додырап шықпауына септігін тигізеді. Бұл да діни наным-сенімнен туындап, мұсылман әйелдерінің шашын жасыруларына көмегі тиеді.

Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзіңді телімегем.
...Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса...

Нені көрем? – деп толғанған ақын жырынан да кимешектің қазақ үшін қасиеттің, ұлттық тәрбиенің, ата-бабадан қалған дәстүрдің сақшысы есебінде екені байқалады.

Қорытынды. “Арым – жанымның садағасы” деген қазақ үшін қыз бен ұл тәрбиесі, олардың толық адам болуы – негізгі арман. Неке қидырып, жеке отау құрған соң да ұл мен қыз бастағы бағын тайдырмай, бөркі мен орамалын қастерлеуі тиіс. Демек, қазақтың ұлттық бас киімдерінің бәрі де белгілі бір символдық мәнге ие.

Қорыта келе, символ ол – белгілі бір идеяны, түсінікті, ұғымды жеткізуші ұлттық код. Символ-сөздер – өне бойына сан алуан ақпарды жинақтайтын, құлыптайтын (кодтайтын) сөздер. Біздің түсінігімізде символ өз мазмұнымен (мәдени хабарды беретін) сәйкес келеді. Мәдениет – бір жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен мәтіндер болса, екінші жағынан – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен символдар. Ю.М.Лотман символдың мәдениеттегі қызметін көрсете келе, “символ – мәдениет ескерткіші” деген баға береді. Кез келген ұлттың мәдениеті уақыт өте келе ерекше этникалық мәнге ие болып, ұлттық символға және сол ұлттың өмір сүру нормасына айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы, 1т. Алматы, 2013. – 384б. - кітап
- 2 Мұқанов С. Халық мұрасы. Алматы: Жазушы, 2005. – 303б. – кітап
- 3 Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. – Алматы: “Білім”, 2006 ж. - 288 бет. – Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация
- 4 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: “Прогресс”, 2000. – 400 с. - кітап
- 5 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Наследие, 1993.-656 с.
- 6 Лотман Ю.М. и тартуско- московская семиотическая школа. М., 1994. - 560 с. - кітап
- 7 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. - Алма-Ата, 1959.- 452 с.
- 8 Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Қазақстан сәндік өнері. – Алматы, 2002. -кітап
- 9 Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. Алматы, 2004. – 147б. – Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.

References:

1. Baitürsynūly A. *Alty tomdyq şyğarmalar jinağy, 1t. Almaty, 2013. – 384b. - kitap*
2. Mūqanov S. *Halyq mūrasy. Almaty: Jazuşy, 2005. – 303b. – kitap*
3. *Atabaeva M. Qazaq tılı dialektlik leksikasynyñ etnolingvistikalıq negızı. – Almaty: “Bilim”, 2006 j. - 288 bet. – Filologia ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған disertasia*

4. Gumböldt V. *Ízbrannye trudy po iazykoznaniiu.* – M.: ‘Progres’, 2000. – 400 s. - kitap
5. Sepir E. *Ízbrannye trudy po iazykoznaniiu i kulturologii.* – M.: Nasledie, 1993.-656 s.
6. Lotman Íu.M. *i tartusko- moskovskaia semioticheskaiia škola.*M.,1994. - 560 s. - kitap
7. Amanjолоv S. *Voprosy dialektologii i istorii kazahskogo iazyka.* - Alma-Ata, 1959.- 452 s.
8. Zaharova Í.V., Hojaeva R.D. *Qazaqstan sándik öneri.* – Almaty, 2002. -kitap
9. Almauytova Á. *Qazaq tilindegi kium ataularynyñ etnolingvistikalıyq tabiğaty.* Almaty, 2004. – 147b. – *Filologia ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертация.*

МРНТИ 16.25.35

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.15>

Қосымова Г.¹, Исаханова Қ.²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

“БАБАЛАР СӨЗİNДЕГІ” ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР (ОЙЛАР)

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі таңдағы “Мәңгілік ел” идеясын көтеретін ұлттық рух, ұлттық сана, ұлттық идея, патриоттық, отансүйгіштік мәселелер қарастырылған. Қазақ фольклорындағы идеялық көркемдік қасиеттерін, жанрлық ерешеліктерін, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты мәселелерде қамтылған. Ұлттық мәдениетіміздің тарихын қайта жаңғыртумен қатар жарық көрген “Бабалар сөзі” қазақ мәдениетінің әлемдік рухани-интеллектуалдық, ғылыми үрдіспен байланысын дамытуға үлкен үлес қосқан туындының бірі. “Бабалар сөзі” атты бұл көптомдық серия қазақ халқының аса бай, әрі көп жанрлы рухани мұрасының барлық үлгілерін түгел қамтыған, болашақ ұрпаққа берер танымдық-тәрбиелік маңызы ерекше. Қазақ халқының музыкалық шығармашылығы оның өмір - тіршілігімен тығыз байланысты болған, ұрпақ тәрбиесінде халық әндерін, өлеңдерін пайдалану өз Отанын сүйетін, туған халқын, оның салт-дәстүрлерін, тілі мен тарихын, өнерін құрмет тұтып, ұлттық рухты, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, жан-дүниесі сұлу, рухани мәдениеті бай адамды тәрбиелеуге мүмкіндік берген.

Түйін сөздер: жанр, интеллектуалды, идея, фольклор, эстетика, музыка, философия, педагогика

Kossymova G.,¹ Issahanova K.²

^{1,2} Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

PEDAGOGICAL IDEAS (THOUGHTS) IN “BABALAR SOZI (WORDS OF THE ANCESTORS)”

Abstract

This article discusses the issues of the national spirit, national identity, national idea, patriotism, patriotism, which today raises the idea of “Eternal Country”. “Babalar sozi” is one of the works that has made a significant contribution to the development of Kazakh culture in the world of spiritual, intellectual and scientific processes. This multivolume series “Babalar sozi” contains all the examples of the very rich and multifaceted spiritual heritage of the Kazakh people, and has special educational value for future generations. The musical creativity of the Kazakh people is closely related to their life, the use of folk songs and poems in the education of the next generation. This made it possible to raise a person with a beautiful, rich spiritual culture.

Keywords: genre, intellectual, idea, folklore, aesthetics, music, philosophy, pedagogy

Косымова Г.,¹ Исаханова Қ.²

^{1,2} Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан